

«Астана Медициналық Университеті»


Тақырыбы: Балаларды мектепке дайындау кезіндегі дәрігерлік бақылау. Оқуға дайын болу критерийлері.

Орындаған: Баратов С.
Тексерген: Кусепова Д. А

Астана 2016ж.

6 жасар балалардың мектепте оқуға функционалдық дайындығы.

Кеңестер Одағының Оқу ағарту және
Денсаулық сақтау министрлігінің бірқатар
мөлшерлік құжаттары және одан кейін болған
мектеп реформасы (1984 ж) 6 жастағы
балаларды дайындық (нөлдік) сыныптарға
мектепте оқытуға көшіруді қарастырды,



Ақыл-ойының даярлығы.

Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез-келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі -әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады.

Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өзбетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар әрі бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, баланың оқуда білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

Ақыл-ой дайындығының көрсеткіштері

Бейнелі компонент

1. Заттың сипатын, қасиетін қабылдау қабілеттілігі.
2. Бейнелі негіздегі көру есі.
3. Зат не құбылыс туралы ұғымдарды қорытындылау біліктілігі.
4. Ойлау тәсілдерінің (синтез, салыстыру т.б.) дамуы.
5. Белсенділік, тапқырлық.

Вербалді компонент

1. Заттардың әртүрлі қасиеттерін айта білу және айыра білу қабілеттілігі.
2. Сөйлеу негізіндегі есту есі.
3. Бір текті ұғымдарды, заттарды жалпылау қабілеттілігі.
4. Ойлау тәсілдерінің дамуы.
5. Қисынды ойлау

Биологиялық кемелденуі.


Мектептегі оқу әрекеті - бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап, жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруыға дағдылануы қажет. Алайда кез-келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Сондықтан баланың денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 6-7 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге көру, есту, моторикасының дамуы және жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын жатқызуға болады.

Қазіргі кезде Қазақстанда дайындық сыныптары барлық жерде ашылды және сол жылдың бірінші қыркүйегінде 6-7 жасқа толатын балаларды жалпы білім беру мектептерінің бірінші сыныптарына қабылдай береді. Мектепке бару мектепке баратын баланың денсаулығына белгілі талаптар қоятын бала өмірінің ең маңызды кезеңі. Мектепте оқу баланың денсаулық жағдайын төмендетпей, керісінше, баланың жан-жақты дамып жетілуіне қолайлы әсер етуі керек.



Мектепке оқуға алғашқы рет баратын балалар, міндетті түрде функционалдық дайындықтарын - «мектептік ер жетуі» қоса анықтайтын, толық медициналық тексерумен қамтамасыз етілуі керек. Бұл жұмыс екі кезеңмен жүргізіледі және мектеп жасына дейінгі балаларға салауаттандыру шараларын жүргізумен қатар, олардын қажетті функцияларын түзетуді қарастырады. Бірінші тексеру оқуға баратын жылдың алдында қазан-қараша айларында жүргізіледі. Тексеру бала-бақшада немесе балалар емханасында (ұйымдастырылмаған балалар үшін) педиатр, офтольмолог, психоневропатолог, хирург, ортопед және тіс дәрігерінің қатысуымен жүргізіледі.

Балалардың мектепке оқуға дайындық дәрежесі екі белгі бойынша анықталады: медициналық және сихофизиологиялық. Медициналық белгілер жоғарыда айтылған мамандармен анықталады және:

- биологиялық даму дәрежесі;
 - тексеру кезіндегі денсаулық жағдайын;
 - өткен жылғы жедел ауру-сырқаулар жағдайын анықтауды қамтиды.
- 

Психофизиологиялық белгілер мектепке дейінгі мекемелердің медициналық дәрігері немесе балалар емханасының дәрігерінің тексеруі арқылы анықталады және:

- ***Керна-Ирасека тестін;***

-дыбыс жүйесінің сапасын анықтауды қамтиды.

- Бірінші терең тексеруден кейін денсаулық жағдайында ауытқулары бар балалар, балалар емханасына емделуге жіберіледі.

- Тіл дамуындағы кемшіліктерді жоюды логопед жүргізеді, моторикадағы кемшіліктерді түзетумен (сурет салу, жазу) тәрбиеші немесе ата-аналары айналысады. Мектепке түсетін жылы балаларды қайтадан тексеру, баланың **«мектептік ер жету»** туралы сұрақты толық шешеді.

□ Биологиялық дамуы артта қалған балалар, яғни, өте аласа бойлы, соңғы жылы бой ұзындығының қосылуы 4 см кем, тұрақты тістері шықпаған балалардың мектепке баруы 1 жылға шегеріледі.

□ Мектепке баруды шегерудің негізі ретінде алынатын ауру-сырқаулардын (көрсетілген ауру-сырқаулармен балалар ауырып жүрсе немесе мектепке түсер жылы ауырып, жазылған болса, мектепке баруы 1 жылға шегеріледі) тізімі.
жасалған,



□ Олар: пиелонефрит, туберкулез, жұқпалы гепатит, менингит, ревматизм, жоғары тыныс жолдарының жедел аурулары (4 рет және одан да көп ауырса) қан аурулары және т.б.

□ Дыбыс қолдануында кемділігі бар және *Керн Ирасека тестерін 9 баллдан жоғары орындаған балалардың да мектепке баруы 11 жылға шегеріледі.*



□ Баланың мектепке оқуға даярлығы жөніндегі сұраққа өте жауапкершілікпен қарау керек. Американдық педагогтар балаларды оқытып, ал мектепке 4 жастан баруды ұсынады. Мұндай шешім өсу мен дамудың табиғи процестің бұзып, балалардың денсаулығын нашарлатуы әбден мүмкін болғандықтан гигиенистердің ашық қарсылығын туғызады.



□ Сонымен қатар көптеген гигиеналық зерттеулерде 7 жасқа дейінгі балалардың басым көпшілігі мектепке баруға дайын еместігі анықталады. Бұл кезеңде, балаларды қалыптасқан динамикалық стереотиптің өзгеруіне дайындау және физиологиялық жүктемені жоғарылату үшін баланы бала бақша жағдайында да, жанұяда да әбден жаттықтыру қажет.

□ Оқу жүктемесі өсіп келе жатқан ағзаның функционалдық мүмкіндігіне сәйкес болуы керек, ал орынды жаттығулар балалардың табиғи мүмкіндік қорының жоғарылауына жағдай жасайды.



**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

